ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 03 маусым №2301-24-00-2/1235 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Зәпен» - Рамазан Серікұлы Сқақ,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі К.Ж.Шегирова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 25 наурызда тараптар көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №55 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап 30күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 24 сәуірге дейін талап қоюшыға су өткізу, сантехникалық желілерді және ғимараттағы ұқсас жабдықтарға қызмет көрсету бойынша сантехника қызметтерін көрсетуге міндеттенген.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Сотқа берген түсініктемесінде шарттың уақытылы орындалмауынан тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар бар екенін түсіндірді.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет көрсетілмеген.Қызметтің көрсетілмеуі салдарынан балабақша ғимаратындағы құбырдан су кетіп тұрғаны, сантехникалық жабдықтардың жөндеуді қажет ететіні анықталды. Сондықтан шарттың орындалмауынан талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 24 сәуірде жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 07.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2024, судья Султангалиева А. Е., 11.07.2024

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Зәпен» - Рамазан Серікұлы Сқақты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралыталап қоюы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Зәпен» - Рамазан Серікұлы Сқақмемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Зәпен» - Рамазан Серікұлы Сқақтан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «10» шілде 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 07.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2024, судья Султангалиева А. Е., 11.07.2024